


Ж.Ташенов атындағы жалпы білім беретін орта мектебі

# Сабақтан тыс сайыс

Тақырыбы: «Тұғыры мықты Тәуелсіз елім!»



Пәні: *тарих-химия кіріктірілген сабақ*

Сыныптар: 7,8,9

Пән мұғалімдері: *тарих пәні мұғалімі А.Жаппарбеков,*

*химия пәні мұғалімі А.Анасова*

2021-2022 оқу жылы

Күні:

Тексерілді:



Кештің тақырыбы:

### «Тұғыры мықты Тәуелсіз елім!»

**Мұғалім:** Армысыздар! Құрметті ұстаздар! Білім құмар оқушылар! Сіздерді Тәуелсіздік мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бүгінгі тарих пәні мен химия пәнінің бірлескен «Тұғыры мықты Тәуелсіз елім!» атты кешімізге қош келіпсіздер! Кеш 5-7-8-9-сынып оқушыларының қатысуымен өтеді.

**Мақсаты:** Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйуге, Отанын қастерлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу. Химия ғылымының қазақ елінде де дамуын көрсету. Қазақ еліне, жеріне, тіліне деген патриоттық сезімін ояту. Білімділіктерін шыңдау.

#### Міндеті:

- Оқушыларға еліміздің қысқаша тарихы туралы мағлұмат беру. Өткен тарихымызға деген ұлттық қалыптастыру және Отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді адамдар керек екенін түсіндіру. Тәуелсіздік, мәңгілік ел туралы түсінік беру.
- Оқушыларды Отанды сүйуге тәрбиелеу, туған елін, жерін қорғау әрбір азаматтың міндеті екенін білгізу және ұлттық педагогика негізінде тәрбиелеу.
  - Оқушылардың ой-өрісін дамытып, білім деңгейін көтеру, шығармашылық ізденісін қалыптастыру, белгілі бір пікір айтуға, тұжырым жасатуға үйрету, патриотизм сезімін қалыптастыру.

Олай болса кешімізді «Шаттық шеңбері» арқылы тәуелсіздікке тілек айту арқылы кешімізді бастаймыз!

Көрнекіліктер: суреттер, Интерактивті тақта, шарлармен безендіру

Көрініс:

**Тарихшы:** қолына лупа, күрек, щетка ұстар бір жерлерді қазып зерттеп жүреді.

**Химик** келіп Сәлем тарихшы! Не іздеп жүрсің?

**Тарихшы:** Мен мына ескі Отрар қаласынан көне жәдігерлер іздеп, зерттеп жүрмін.

**Химик:** Олай болса менің саған көмегім тиіп қалар. Мен химикпін сол көне заттардың химиялық құрамын зерттеп беремін.

**Тарихшы:** Ия, дұрыс болды рахмет. Олай болса бірге зерттейік. Менің «Жас тарихшылар» тобым бар. Оларда көмектеседі.

**Химик:** Солай ма?! Менің де «Жас химиктер» тобым бар. Оларда көмектеседі.

**Тарихшы:** Ассалаумағалейкум құрметті білім сүйер қауым! Сіздерді тойланып жатқан ең айтулы мерекеміз

**Бірге:** «Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерей тойымен шын жүректен құттықтаймыз!»

**Тарихшы:** Дендеріңіз сау, көңілдеріңіз ояу, өмірлеріңіз мәнді, тұла бойларыңыз сәнді болсын!

**Химик:** Армысыздар! Құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгінгі біздің кереметтей «**Тұғыры мықты Тәуелсіз елім!**» атты кешімізді бастаймыз!

**Тарихшы:** Сайысқа 2 топ қатысады. 1- топ «Жас тарихшылар» тобы!

**Химик:** 2-топ «Жас химиктер тобы»!

**Тарихшы:** Сайыс 4 кезеңнен тұрады:

1. Таныстыру кезеңі
2. «Үй тапсырмасы» кезеңі. ҚР Тәуелсіздікке дейін қандай болды? (слайд)
3. «Өркенде елім» кезеңі. Тәуелсіздіктен кейінгі еліміздің дамуы.
4. «Тілші» әдісі сұрақ-жауап

**Химик:** Сосын «Химиялық шоу!» болады. 9-сынып оқушыларының көрсетуімен.

Химиктер әні: Хор «Өркенде шалқы химия»

**Тарихшы:** Әділқазы алқаларымен танысайық;

Мектебіміздің оқу ісі жөніндегі орынбасары: Д.Смайлов ағай

Тарих пәнінің мұғалімі: С. Уразбаева апай

География пәні мұғалімі: М.Үсетаев ағай

**Тарихшы:** 5-сынып оқушылары «Тәуелсіздік туралы тақпақтарымен! Сахнада

### 1-кезең

**Тарихшы:** Қатысушыларға сәттілік! Деп Таныстыру кезеңін бастаймыз. «Жас тарихшылар тобы»

**Химик:** Химиктерім сіздерге де сәттілік! Таныстыру «Жас химиктер тобы»

### 2-кезең

**Тарихшы:** Жарайсыздар! Келесі «Үй тапсырмасы» кезеңі. ҚР Тәуелсіздікке дейін қандай болды екен? Жас тарихшылар тарихи оқиғалар туралы айтады.

**Химик:** Жас химиктер еліміздің материалдық жағдайлары туралы айтады. Ежелгі ата-бабаларымыз химияны білген ба екен? Оны жас химиктерден білеміз.

### 3-кезең

**Тарихшы:** Рахмет білімпаздар! Біраз нәрселерге қанық болдық. Ендігі кезең ҚР-сы Тәуелсіздік алғаннан кейін қалай дамыды екен? Сол туралы сіздерден білеміз

**Химик:** Ия, жас химиктер Тәуелсіздіктен кейін еліміздің көркеюі туралы айтпақ. Әрине көркеюге химия ғылымының үлесі зор.

### 4-кезең

**Тарихшы:** «Білімді мыңды жығар, білекті бірді жығар» демекші .3-ші шешуші кезең «Тілші» әдісі кезеңі

**Химик:** Бұл кезеңде сұрақ-жауап болады.

## 5-кезең

**Тарихшы: Жанкүйерлер сайысы:** Ойын: «Сыңарыңды тап»: 11-сынып оқушылары  
Химиялық формулалар құрастыру керек.

1. Темір (II) хлориді:  $\text{FeCl}_2$
2. Натрий нитраты:  $\text{NaNO}_3$
3. Алюминий гидроксиді:  $\text{Al}(\text{OH})_3$
4. Сальций гидроксиді:  $\text{Ca}(\text{OH})_2$

## 6-кезең

**Тарихшы:** Оооооо мына жақта нағыз химик ғалымдар кеп қалыпты!

**Химик:** ия, Келесі тамашалайтындарыңыз! Білімпаз, жаңалық ойлап табуға жаны құмар 9-сынып оқушыларының «Химиялық шоу» жасауын көреміз!

1-тәжірибе: «*Сіріңкесіз от*» Орындайтын Тұрар Ерناзар

2-тәжірибе: «*Жалындаған көбік*» Серкбай Бақытнұр мен Қадыр Мұхаммеджан

3-тәжірибе: «Шар үрлеу» Базарбай Инжу

4-тәжірибе: «Кемпіркосақ» Сырлыбай Алтынай

5-тәжірибе: «Ауырмайтын операция» Темірбек Балауса мен Тұрар Ерназар

6-тәжірибе: «Суды сүтке айналдыру» Құнанбай Асылжан

**Тарихшы:** Ойын, шар үрлеп стаканларды құлату керек. 3 адам шығады. Тағы 3 адам шығады. Ұтқан адам сыйлықта алады.

**Химик:** Ойын арқылы біз адам демінде көмірқышқыл газы бар екенінің тағы дәлелін білеміз.

**Химик: Химиктер әні:** Хор «Өркенде шалқы химия»

**Тарихшы:** Сайыс кезеңін қорытындылау үшін: Әділқазы алқаларына сөз береміз!


**Химик:** Осымен білім кешіміз аяқталды.

**Бірге:** Келесі білім сайыстарында кездескенше қош сау болыңыздар!

**Тарих және химия пәндері бойынша кеш. Кіріктірілген сабақ.**



Химия пәні мұғ: Анасова А., тарих пәні мұғ: Жаптарбеков А.



"Жас тарихшылар» және "Жас химиктер» тобы



5-сынып. Тәуелсіздік туралы өлеңдерімен



Топтар өздерін таныстыруда

